

**ЖШС «Аққайың » балабақшасы меңгеруші жанындағы
2020 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

Жетісай қаласы

07.09.2020 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу . Тексерудің қорытындысы
2. Заттық дамытушы ортаны құру
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде, Алтын күз мерекесінің бағдарламасын бекіту.
4. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі. Барлық топта. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.

1 Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі -қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап, алдағы атқаратын жұмыстарға тоқталып өтті. Жылдық жоспар мен топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп шықты. Жаңадан келген балалармен келісім шарт түзіп оларға балабақша шарттарын ауызша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Ересек тобына бірнеше ескертулер мен ұсыныстар айтылып, толықтырып келін айтты. 2020 оқу жылы еліміздегі пандемияның таралуына байланысты балалармен тек онлайн арқылы жұмыс атқарылады. Балалардың қауіпсіздігі жайлы ата-аналармен түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп тығыс байланыста болуларын ескертті.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері-Заттық дамытушы орта балаларға не үшін қажет деген сұраққа жауап берді. Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылатынын айтты. Балаға заттар мен ойыншықтар таңдауда еркін және қол жетімді болуы керек. Сонда ғана бала өз ойындағы тамаша туындыларды шығаруға мүмкіндік туатындығын айта кетті.

3.Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері сөз сөйледі: Ересек тобының тәрбиешісі А.Наушабекова Тіл мерекесіне балаларға түсіндірме жұмыстары

жүргізіліп тапсырмалар беріліп жатқандығын айтты. Баланың қабілетіне қарай әр балаға бір тапсырма берілді. Бірі жаттау айтса ал екіншісі билеп беретін болды. Сондай ақ «Алтын күз» мерекесіне орай «Шебер қолдар» атты балалар арасында байқау өткізу жайлы ұсыныс тастады. Шарты күз мерекесінде пісіп-жетілетін жемістерді салып бейнеелеу керек. Үздік шыққандарға марапаттар мен диплом қағаздары ата-аналарына алғыс хат тағайындауға ұсыныс білдірді.

4.Мәселе бойынша балабақша әдіскері топтағы балалармен танысып олардың ата-аналарымен тығыз қарым қатынас орнату керектігін ескерді. Балабақша меңгерушісі еліміздегі болып жатқан індетке байланысты жиналыстар тек онлайн түрде өтіледі. Әр топ ата-аналар жиналысын өткізгенде басшылықтың сол жиналысқа қатысуын қамтамасыз еділуін талап етті. Яғни топта онлайн өтіліп жатқан жиналысты не әдіскер не меңгеруші міндетті түрде қатысуы шарт. Ата – аналардан балабақшаға қатысты туындаған сұрақтарға тек балабақша басшылары жауап беріп отыралды.

Шешім:

- 1.2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.
- 2.Заттық дамытушылық ортан- баланы оқыту жұмыстары ата-анлармен жұмыс жүргізілсін.
- 3.Тіл мерекесі топтар арасында аталып өтілсін. «Алтын күз» мерекесіне орай «Шебер қолдар » онлайн балабақша ішілік байқауы өткізіліп баланы ынталандыруға арналған марапаттар қамтамасыз етілсін.
4. Ата-аналар жиналысының күні мен жоспары бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

А.Сапарбаева

Хатшы:

А.Наушабекова



**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2020 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 2**

Жетісай қаласы

10.11.2020 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің және Жаңа жыл ертеңгілігі бағдарламасымен танысу, бекіту.
3. «Таным» білім беру саласының жүргізілуін бақылау.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдері өз дәрежесінде орындалғанын айтып өтті. Сонымен қатар топтарда өткізіліп жатқан ұ.о.қ талдап, баланың даму деңгейін анықтайтын бастапқы мониторингінің нәтижесімен танысып шықты. Ортаңғы топтың нәтижесіне аздап көңілі толмайтынын айтып, төмен деңгейдегі тәрбиеленушілермен алдағы уақытта баламен жұмыстар жүргізілуін тапсырды,

2. Мәселе бойынша балабақша әдіскері «Тәуелсіз елім-Қазақстан» пен «Тәуелсіздік -тұғырым» атты ашық оқу қызметі Ересек және ортаңғы топтарда өтетінін айтты. Мерекелік ашық оқу қызметінің жоспары тексеріліп бекітіп беруін сұрады. Жоспармен танысқан балабақша меңгерушісі басқа тәрбиешілерге ашық оқу қызметін мұнан да жақсырақ қалай өткізу керектігін сұрап, ұсыныстармен пікірлерін тындап өтті. Жаңа жылдық іс-шаралар пандемияға байланысты ата-аналармен ақылдасып жабық түрде балалардың қалауымен өгілетінін айтты. Мереке қажетті баланың киімдері, сыйлықтарын ата-аналар өздері қамтамасыз етіп отыратынын айтты. Ата – аналардың сұранысы бойынша мерекелік іс-шараның желтоқсан айының 29 ына белгілеп беруін сұрады.

3. Мәселе бойынша Ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешісі «Таным» білім беру саласының ортаңғы және ересек топта алатын рөлі жайлы баяндама оқып берді. Мектепке дейінгі ересек жаста танымдық сала жалпы танымдық дамуда елеулі роль атқара бастайды. Бала бұл өмірде барлық нәрсе бір-бірінен оқшау емес, белгілі бір байланыс пен тәуелділікте, белгілі бір тәртіпте болатындығын түсінеді. Сондықтан, орта туралы жинақталған түсініктерді реттеуге танымдық қажеттілік пайда болады. Бала бұл жаста қоршаған затпен

Шешім :

1. Бастапқы мониторингте төмен деңгейдегі тәрбиеленушілермен тәрбиешілер жұмыс жүргізсін.
2. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» пен «Тәуелсіздік -тұғырым» атты ашық оқу қызметі Ересек және ортаңғы топтарда өткізілсін. Жаңа жылдық мерекелік іс-шара 29 желтоқсанда өткізілсін. Мерекеге қажетті заттарды балабақшата тарапынан қамтамасыз етілсін
3. «Таным» білім беру саласы барлық топтарда өз деңгейінде жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп отырылсын.

А.Сапарбаева
А.Наушабекова

**ЖШС «Аққайың » балабақшасы меңгеруші жанындағы
2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 3**

Жетісай қаласы

22.01.2021 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. «Тәуелсіздік» күні, «Жаңа жыл» мерекесін талқылау
3. Жарты жылдық мониторинг қорытынды (Аралық мониторинг)
- 4.«Шығармашылық» білім беру саласының жүргізілуін бақылау.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдері қаншалықты орындалғанын атап өтті. Әдіскер қазіргі таңда ортаңғы топта баланың даму деңгейі жоғарлағанын айтты. Алдағы уақытта осы қарқынмен баламен жүргізілсе жақсы нәтижелерге жететінін мәлімдеді.

2.Мәселе бойынша әдіскер ересек және ортаңғы топтар арасында өткізілген «Тәуелсіздік» күніне арналған ашық оқу қызметін талдауды ортаға салды. Ашық оқу қызметке қатысқан тәрбиешілердің ой-пікірлерімен бөлісті. Кіші топтың тәрбиешісі Б.Сейіт «Маған «Айгөлек» тобының ашық оқу қызметі өте қатты ұнады. Тәрбиешінің шеберлігі мені тәнті етті. Балаларды өзіне аудартып, ұ.о.қ қызықты өтуіне топпен ат салысқаны ұнады. Тәрбиеші баламен қалай жұмыс жасау керектігін жақсы меңгергені көрініп тұр» деді. Ерте жас топты тәрбиешісі Р.алтынбекова мен ортаңғы топтың ашық оқу қызметіне қатыстым. Өзіме қажетті әдіс-тәсілдерді түртіп отырдым. Бүлдіршіндер ұ.о.қ жақсы қатысып отыр. Тәрбиешінің тақырыпқа кіріп кеткендігі ма әлде сасқалақтады ма ойын барысында баланың сұрақтарға жауап беру кезеңдерінде, баланы ынталандару үшін мақтау-мадақтау тәсілі аз қолданды. Баланы барынша қолдап жігерлендіріп отыру аз болды. Ал жалпылама қорыта келегінде ұ.о.қ. маған ұнады.

3. Мәселе бойынша балабақша әдіскері бақшамызда баланың даму ерекшеоллігіне байланысты мониторинг жүргізілгенін айтты. Жарты жылдықты қорыта келгенде жалпы балабақша бойынша:

1.Денсаулық саласында бойынша : I- деңгей 28 бала 30%, II-деңгей 45 бала 47%, ал III- деңгейде 22 бала 23% ды құрады.



**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 4**

Жетісай қаласы

02.03.2021 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.8 наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
2. «Әлеумет» білім беру саласы жұмысының жүргізілу жағдайын ересек тобында бақылау, жедел тексеру қорытындысы.
- 3.7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі көктемнің алғашқы мерекесі 1-наурыз алғыс айту мерекесімен құттықтап, қызметкерлермен осы күнге дейін ауызбіршілікпен жұмыстар атқарғаны үшін өз алғысын білдірді. Алдағы мерекелердің жоспарымен танысып шықты. Бақшамызда 8-наурыз мерекесіне ертеңгілік өтетінін ескертіп, сол ертеңгіліктің сценарийін бекітті. Сол ертеңгілікке баста топтар да ат салысып өнерлі балапандарды қатыстыруын қадағалауды әдіскерге жүктеді.

2. Балабақша әдіскері алдыңғы аралықтың нәтижесінде «Әлеумет» білім беру саласы төмен деңгейде екенін атап өтіп, ү.о.қ осы «Әлеумет» білім беру саласы қолға алу керектігін айтты. Ортаңғы топ тәрбиешісі Б.Елубаева өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Балабақшадағы бала ойын баласы демек біз оған күнделікті беретін ақпаратты қайталаптырып не болмаса жаттатып меңгерте алмаймыз. Керісінше баламен бірге қосылып ойнай отырып жадына сіңдіреміз. «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «ойында озған өмірде де озады» демекші бала өмірінде ойынның маңызы өте зор. «Әлеумет» білім беру саласында дамытушы ойындар арқылы баланың қызығушылығын арттыра аламыз деді. Бірнеше ойын түрлерімен бөлісіп тәрбиешілермен ойнап алдағы уақытта өз ү.о.қ де пайдалануға болатын таптырмас дүние екенін айтты.

А.Сапарбаева
А.Наушабекова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 5**

Жетісай қаласы

03.05.2021 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мерекелерді талқылау. 7,9 мамыр мерекелерінің сценариін бекіту.
2. Қорытынды мониторинг нәтижесі
3. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

1. Бірінші мәселе бойынша : балабақша меңгерушісі А.Сапарбаева алдағы мамыр айында аталып өтілетін мерекелік іс-шараның сценаримен танысып шықты. Сонымен қатар биылғы балабақша бітірушілерінің де қоштау кеші болатынын ескеріп сценариін көріп шықты. Әдіскер қазіргі таңда балар мерекеге тыңғылықты дайындалып жатқанын айтып өтті. Тәрбиешілерге жалпылама бір дайындық өткізіп, қажетті көрнекіліктер мен бақша тарапынан қандай көмек қажет екенін сұрады. Қоштасу кеші болар алдын ата-аналар жиналысының өтілуін, онда талқыланатын мәселелерді ересек тобының тәрбиешісі айтып өтті. Пандемияның әле басыла қоймауына байланысты барлық мерекелік іс -шаралар жабық яғни ішінара өткізілетіндігін ата-аналарға сырттан ешқандай ата-ана балабақшаға кіргізілмейтіндігін ескертуді сұрады.

2. Мәселе бойынша балабақша әдіскері «Аққайың» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылында қорытынды мониторинг жүргізілгендігін айтты. Қорытындылай келе

1. **Денсаулық саласында бойынша :** I- деңгей 31 бала 32%, II-деңгей 57 бала 60%, ал, III- деңгейде 7 бала 8% ды құрады.

2. **Қатынас білім саласы бойынша :** I- деңгей 27 бала 28%, II-деңгей 56бала 59%. ал III-деңгей 12 бала 13% болды.

3. **Танымдық дағдылары бойынша :** I- деңгей 34 бала 36%, II- деңгей 53бала 56%, III-деңгей 8 бала 8%

4. **Әлеуметтік дағдылар бойынша:** I-деңгей 20 бала 40%, II-деңгей 22 бала 44%, III-деңгей 8 бала 16%

5. **Шығармашылық дағдылар** I-деңгей 37 бала 39%, II- деңей 49 бала 51, III-деңгей 9 бала 10 құрады.

Балабақша меңгерушісі 2020-2021 оқу жылының атқарылған жұмыстарына тоқталып қорытынды жасап өтті.

3. мәселе бойынша Жазғы маусымға арналған іс-шараларды меңгеруші тексеріп шығып, алдағы уақытта жоспар бойынша сауықтыру іс-шаралары өтілуін айтты.

Шешім:

1. Мамыр айында аталып өтілетін мерекелік іс-шаралардың сценаріі бекітіліп, қажетті көрнекіліктер балабақша тарапынан қамтамасыз етілсін
2. 2020-2021 оқу жылының қорытынды мониторингінің есебі шығарылып қажетті жеріне тапсырылсын.
3. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітіліп, оның жоспар бойынша өтілуін әдіскердің бақылауына тапсырамын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Сапарбаева

А.Наушабекова